



КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бұл жұқпалы ауру туралы көбірек
біліңіз!



**Конго-Қырым
геморрагиялық қызбасын
негізгі таратушы –
кенелер.**

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ)
– ауру жұқтырған кененің шағуы арқылы
жұғатын өте қауіпті кең таралған ауру.
Аурудың қоздырғышы – Bunyaviridae тұқымдас
вирусы (Nairovirus).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КҚГҚ ТАБИҒИ ОШАҚТАРЫ

Қазақстанда Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарының және Шымкент қаласының аумақтары КҚГҚ табиғи ошақтары болып табылады.

КҚГҚ вирусын таратушылар қатарына ірі қара, қой, ешкі және кеміргіштер сияқты жабайы және үй жануарлары кіреді.

Вирус кене шаққан кезде не ауыл шаруашылығы жануарларына күтім жасау кезінде, инъекциямен немесе қан алумен байланысты медициналық емшараларды жүргізу кезінде жұғады.

КЕНЕ ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

- ашық түсті қорғаныш киімін (ұзын жең, ұзын шалбар) кию;
- кенелерді анықтау мақсатында киім мен теріні үнемі қарап-тексеру;
- кене репелленттерін қолданыңыз (спрей, крем);
- кенелер көп болатын жерлерде және олар өте белсенді болатын маусымдарда болудан аулақ болу;
- жыл сайын кенелерді жою бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу.

ЖАНУАРЛАРДАН ИНФЕКЦИЯ ЖҮҚТЫРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:

- Эндемиялық аймақтарда жануарларға күтім жасау немесе олардың тіндерін қарап-тексеру кезінде, әсіресе қасапханаларда немесе үйде сою, мүшелеу кезінде және жарамсыз болғанда қолғап және басқа да қорғаныш киімдерін кию;
- Қасапханаларға кірер алдында жануарларды карантинде ұстау немесе союдан екі апта бұрын жануарларды әдеттегі тәртіппен пестицидтермен өңдеу.

ИНФЕКЦИЯНЫҢ АДАМНАН АДАМҒА ЖҮҒУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:

- КҚГҚ жұқтырған адамдармен тығыз физикалық байланыстан аулақ болу;
- Науқас адамдарға күтім жасау кезінде қолғап пен қорғаныш киімін кию;
- Науқас адамдарға күтім жасағаннан кейін немесе барғаннан соң қолды үнемі жуу.

ЕГЕР СІЗ КЕНЕНІ ТАУЫП АЛСАҢЫЗ, ОНЫ ҚАЛАЙ АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК?

Мұны **травматологиялық пунктте** немесе тұрғылықты жері бойынша **емханада** дәрігердің **жасағаны дұрыс.**

Кененің сору кезеңінде терең және қатты бекітілген тұмсығын үзіп алмау үшін оны өте мұқият алып тастау керек.

Кенені алып тастау кезінде мынадай ұсынымдарды орындау қажет:

– кенені пинцетпен жұлу немесе таза дәкемен оралған саусақпен аузына қарай мүмкіндігінше жақын ұстап алу және шаққан жердің бетінен перпендикуляр ұстап, кененің денесін айналдыра бұрып, оны теріден абайлап шығарыңыз;

- шаққан жерді осы мақсатқа жарамды кез келген құралмен (70% спирт, 5% йод тұнбасы) дезинфекциялау;
- кенені алып тастағаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;
- егер қара нүкте қалса (кененің бас-тұмсығы немесе мұртшалары), йодтың 5% тұнбасымен залалсыздандырып, дәрігерге қаралыңыз.

КЕНЕ ШАҚҚАНДА НЕ ІСТЕУГЕ БОЛМАЙДЫ?

- Теріге жабысқан кенені жұлуға болмайды. Өйткені, оны жұлған кезде жәндіктің басы теріде қалып қояды. Салдарынан, жәндіктің улы сөлі мие вирустар адам ағзасына тарайды;
- Тіспен жұлып алуға, қатты басып, сығуға болмайды, себебі инфекция қауіпі артады.

**ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА АДАМДАР АРАСЫНДА КЕҢІНЕН
ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН КҚГҚ-ҒА ҚАРСЫ ҚАУІПСІЗ
ЖӘНЕ ТИІМДІ ВАКЦИНА ЖОҚ, СОНДЫҚТАН ЖАЛҒЫЗ
АЛДЫН АЛУ ШАРАСЫ - ҚОРҒАНЫШ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ
ИНФЕКЦИЯ ЖҮҚТЫРҒАН АДАМДАРМЕН БАЙЛАНЫСТА
БОЛМАУ.**